

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 – 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

«Балдырған» ересек тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022 – 2023 оқу жылы.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</li><li>2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту.</li></ol> <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын сөздер туралы білімді кеңейту;</li><li>2) таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдануды үйрету.</li></ol> <p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету;</li><li>2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру;</li></ol> <p>Байланыстыра сөйлеу.</p> <p>Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету. Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету.</p>